

## 2015 жылға субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлерін және субсидиялар нормаларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 11 тамыздағы № 301 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 қыркүйекте № 4511 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 2016 жылғы 5 тамыздағы № 318 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 05.08.2016 № 318 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 бұйрығымен бекітілген тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау Қағидаларының 4-тармағына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидияланатын отандық тыңайтқыштардың түрлері және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограмына, литріне) арналған субсидиялардың нормалары осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Мыналардың:

1) Ақтөбе облысы әкімдігінің 2014 жылғы 8 шілдедегі № 228 "Субсидиялар нормаларын және субсидияланатын гербицидтердің, тыңайтқыштардың түрлерін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3971 тіркелген, 2014 жылғы 31 шілдеде "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) қаулысының;

2) Ақтөбе облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 қарашадағы № 408 "Ақтөбе облысы әкімдігінің 2014 жылғы 8 шілдедегі № 228 "Субсидиялар нормаларын және субсидияланатын гербицидтердің, тыңайтқыштардың түрлерін белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4091 тіркелген, 2014 жылғы 9 желтоқсанда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) қаулысының

күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.С. Жұмағазиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, бірақ, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 " Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялауқағидаларын бекіту туралы" бұйрығы қолданысқа енгізілгеннен бұрын емес.

Облыс әкімі

А. Мұхамбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі А. Мамытбеков

2015 жылғы 08 тамызда

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2015 жылғы 11 тамыздағы  
№ 301 қаулысына қосымша

## **Субсидияланатын отандық тыңайтқыштардың түрлері және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидиялардың нормалары**

№	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірлігінің құнын арзандату пайызы	Бір бірлігіне арналған субсидия нормативтері, теңге
1	Аммиакты селитра (N 34,4%)	тонна	50	28900
2	Аммофос (N-10%;P205-46%)	тонна	50	45000
3	Хлорлы калий (K2O5-42,2%; KCL-65%)	тонна	50	44000
4	"Б" маркалы "МЭРС" микробиотыңайтқыштары	литр	50	5000
5	Kristalon Special 18-18-18	тонна	50	218000
6	Kristalon Cucumber 14-11-31	тонна	50	260500
7	Kristalon Yellow 13-40-13	тонна	50	254500
8	Kristalon Red 12-12-36	тонна	50	233000
9	ҮараLiva Calcinit (кальций нитраты)	тонна	50	89000
10	"Супрефос-NS" азот-күкірткұрамды супрефос	тонна	50	43500
11	"В" маркалы суперфосфат (P2O5-15%, N2-4%, K2O-2-4%)	тонна	50	21281
12	Тазартылған күкіртқышқылды калий (калий сульфаты) (K2O-50%)	тонна	50	106000
13	Аммиакты селитра(N-34,4%)	тонна	30	20700
14	Карбамид (N-46,3%)	тонна	30	28200
15	Krista K Plus (калий нитраты)	тонна	30	102600
16	Krista MAG (магний нитраты)	тонна	30	69300
17	Магний сульфаты (Krista MgS)	тонна	30	53700

18	Krista МКР (монокалий фосфат)	тонна	30	159000
19	Калий сульфаты (Krista SOP)	тонна	30	80400

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК